

«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» коммерциялық емес
акционерлік қоғамының
Педагогикалық-психологиялық білім беру және оқыту әдістемесі
кафедрасы негізінде құрылған



KORKYT ATA
UNIVERSITY

**Инклюзивті білім беру орталығының
Ережесі**



Педагогикалық-психологиялық білім беру және оқыту әдістемесі кафедрасы негізінде құрылған **Инклюзивті білім беру орталығының Ережесі** кафедра мәжілісінде қаралып бекітілді.

Хаттама №1. 31.08.2022 жыл.

1. Жалпы ережелер

1. «Инклюзивті білім беру орталығының Ережесі» (бұдан әрі - Ереже) 2007 жылғы 27 шілдедегі ҚР Конституциясын, ҚР «Білім туралы» Заңын, 2007 жылғы 5 ақпанындағы №81 «Мүмкіндігі шектеулі балалармен әлеуметтік және медициналық-педагогикалық коррекциялық сүйемелдеу көрсету бойынша іс-шаралар жоспарын бекіту туралы», ҚР 2009 жылдың 16 наурызындағы (№4-02-4/450) «Мүмкіндігі шектеулі балалармен кіріктірілген (инклюзивті) білім беруді ұйымдастыру бойынша нұсқауды», ҚР БҒМ-нің 2011 жылғы 12 желтоқсанындағы №512 бұйрығымен бекітілген «Мүмкіндігі шектеулі балалармен психологиялық-педагогикалық сүйемеледеу бойынша әдістемелік нұсқауды», Білім беру ұйымдарының тәжірибесіне инклюзивтік педагогика мен енгізу жүйесінің қағидаларын дайындау. Әдістемелік ұсынымдар. –Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015.–33б, Ерекше қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беру үдерісіне енгізу үлгілерін дайындау. Әдістемелік ұсыныстар.– Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2015. – 48 с, Психолого-педагогическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе: метод. рекомендации/ Елисеева И.Г., Ерсарина А.К. - Алматы: ННПЦ КП, 2019 «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы негізге және басшылыққа ала отырып әзірленген.

2. Ереже «Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы педагогикалық-психологиялық білім беру және оқыту әдістемесі кафедрасы негізіндегі инклюзивті білім беру орталығының қызмет ету тәртібін анықтайды.

3. Орталық Ережеге сәйкес төмендегідей қызмет атқарады:

- инклюзивті білім беруді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу;
- инклюзивті білім беру бойынша педагогтардың психологиялық-педагогикалық сауаттылығын арттыру;
- инклюзивті білім беруде психодиагностикалық, психологиялық кеңес беру, психологиялық түзетім жасау (коррекция), психотерапия жұмыстарын жүргізу;
- инклюзивті білім беруде бос уақытты тиімді ұйымдастыру қызметін жүзеге асыру;
- Ерекше қажеттілігі бар студент-жастармен әр бағыттағы іс-шараларды ұйымдастыру;
- ерекше қажеттілігі бар студент-жастарды өндірістік тәжірибеден өткізу және одан әрі жұмыспен қамтамасыз етуге ықпал жасау.

-Шет елдік және отандық арнайы және инклюзивті білім беру саласы мамандарымен және ұйымдарымен тәжірибе алмасу жұмыстарын ұйымдастыру

2. Инклюзивті білім беру орталығының мақсат-міндеттері

6. Инклюзивті білім беру орталығының негізгі мақсаты - ерекше қажеттілігі бар білім алушыларға қолайлы білім беру ортасын құру, оқу-тәрбие үдерісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімделуге жағдай жасау; олармен коррекциялық-дамытушылық және әлеуметтік-психологиялық қолдау жұмыстарын жүргізу.

7. Инклюзивті білім беру орталығы ерекше қажеттілігі бар студент-жастардың психологиялық денсаулығын нығайту үшін келесі міндеттерді жүзеге асырады:

- ерекше оқытуды қажет ететін білім алушылардың психикалық процестерін (танымдық, эмоциялық-еріктік), даралық ерекшеліктерін диагностикалау;

- ерекше оқытуды қажет ететін білім алушыларға жеке және топтық кеңестер беру;

- ерекше оқытуды қажет ететін білім алушылармен психокоррекциялық жұмыстар жүргізу және семинар-тренингтер ұйымдастыру;

- ерекше оқытуды қажет ететін білім алушылармен қарым-қатынас сапасын жетілдіру;

- ерекше оқытуды қажет ететін білім алушылармен аутотренинг әдістерін және психотехникаларды жүзеге асыру.

7. Инклюзивті білім беру орталығының міндеттеріне сәйкес төмендегідей қызметтерді жүзеге асыру жатады:

- әлеуметтік-психологиялық тренингтер, психотерапиялық әдістер арқылы психологиялық қолдау жұмыстарын ұйымдастыру;

- тұлғаның психологиялық-педагогикалық сауаттылығын арттыру мақсатында семинарлар, семинар-тренингтер, шеберлік сыныптар ұйымдастыру;

- кәсіби анықталу мен кәсіби құндылықтарды қалыптастыру бағытында кездесулер жасау;

- аймақтағы білім беру ұйымдарының педагогтарына және педагог-психологтарына семинар-тренингтер ұйымдастыру;

- инклюзивті білім беруді жүзеге асыру бойынша диплом, магистрлік және докторлық диссертация жұмыстарындағы ғылыми нәтижелерді тарату.

3. Инклюзивті білім беру орталығының қызмет ету бағыттары:

Психодиагностика:

- компьютерлік психодиагностикалау;

- проективті техникалар;

- жетістікке жету тестілері;

- тұлғалық сауалнамалар;

- танымдық және еріктік процестерді зерттеу тестілері;

- тұлға ресурстарын, даму бағытын, мотивациясын және базалық мәндік бағдарларын айқындау негізінде психологиялық бейнесін құрастыру.

Психологиялық түзетім (коррекция):

- коррекциялық -білімдік;

- коррекциялық-дамытушылық;
- коррекциялық-тәрбиелік;
- әлеуметтік бейімделе алмаудың алдын алу және психологиялық коррекциялау.

Психологиялық кеңес беру:

- ерекше оқытуды қажет ететін білім алушылардың «Мен» бейнесін қалыптастыру: өзін қабылдау.

- тұлғаның өзін-өзі бағалауын қалыптастыру, тұлға имиджін қалыптастыру;

- ерекше оқытуды қажет ететін білім алушылардың тұлғалық өсуі, негізгі психологиялық қабілеттерді және қарым-қатынас дағдысын дамыту, тұлғаның өзгеруге деген мотивациясын қалыптастыру.

- ерекше оқытуды қажет ететін білім алушылардың тұлғааралық қарым-қатынасты жетілдіруіне ынталандыру;

- ерекше оқытуды қажет ететін білім алушыларды кәсіби жетілуге ынталандыру.

Психологиялық алдын алу жұмыстары:

- ерекше қажеттілігі бар студент-жастардың эмоциялық жағдайын реттеу;
- ерекше қажеттілігі бар студент-жастардың тұлғалық және жас ерекшелік дағдарыстарының алдын алу.

Дамыту тренингтері мен бағдарламалары:

- ерекше оқытуды қажет ететін білім алушылардың рухани құндылықтарын дамыту тренингтері мен бағдарламалары;

- ерекше оқытуды қажет ететін білім алушылардың қарым-қатынас күзиреттілігін дамыту тренингтері мен бағдарламалары.

8. Университетте инклюзивті білім беруді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуде пайдаланылатын психотерапия элементтері:

- арт-терапия техникалары;
- Мандалотерапия, кинотерапия, құм терапиясы техникалары;
- ертегі терапиясы, психодрама, би-козғалыстық психотерапия;
- фототерапия, аутотренингтер.

9. Инклюзивті білім беру орталығы жұмысының негізгі бағыттары:

- тұлғаның өмірлік мәнді құндылықтарын қалыптастыру;
- тұлғаның «Мен» бейнесін дамыту;
- тұлғаның психикалық процестерін дамыту;
- мінез бен ерік сапаларын тәрбиелеу жолдарын айқындау;
- тұлғааралық, тұлғаішілік конфликтінің алдын алу;
- эмоциялық қалыпты реттеу технологияларын жетілдіру;
- психологиялық денсаулықты нығайту бағытын айқындау;
- әлеуметтік-психологиялық білім беруді жетілдіру;
- ерекше қажеттілігі бар студент және оқытушы тұлғасының дамуына бағытталған әлеуметтік-психологиялық тренингтерді ұйымдастыру және т.б.

10. Инклюзивті білім беру орталығы өз іс-әрекеті аясында психодиагностикалық жұмыстар арқылы тұлғаның психологиялық келбетін құрай отырып, ондағы мән беруді қажет ететін тұстарын психокоррекциялайды (түзетім жасайды). Мұнда эмоциялық қысым мен кернеуден босансу

мақсатында релаксациялық жұмыстар ұйымдастырылады. Бұл бағытта инклюзивті білім беруді психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бойынша мамандарға психологиялық-педагогикалық ғылымдардың өзекті мәселелеріне арналған халықаралық, республикалық және аймақтық конференциялар мен ғылыми семинарларға қатысу, халықаралық тәжірибе алмасу, сондай-ақ, халықаралық деңгейдегі танымал психологиялық-педагогикалық басылымдарда бірлескен жарияланымдар мен мақалалар жариялау жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік беріледі.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» коммерциялық емес
акционерлік қоғамы
Педагогикалық-психологиялық білім беру және оқыту әдістемесі кафедрасы

**«ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ
2022-2023 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-
ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ
КАФЕДРАСЫНЫҢ НЕГІЗІНДЕ ҚҰРЫЛҒАН
ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ЖҰМЫС
БАҒДАРЛАМАСЫ**

Қызылорда, 2022 ж.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің педагогикалық-психологиялық білім беру және оқыту әдістемесі кафедрасы негізінде ұйымдастырылған инклюзивті білім беру орталығының 2022-2023 жылдарға арналған бағдарламасы 2007 жылғы 27 шілдедегі ҚР Конституциясын, ҚР «Білім туралы» Заңын), 2007 жылғы 5 ақпанындағы №81 «Мүмкіндігі шектеулі балалармен әлеуметтік және медициналық-педагогикалық коррекциялық сүйемелдеу көрсету бойынша іс-шаралар жоспарын бекіту туралы», ҚР 2009 жылдың 16 наурызындағы (№4-02-4/450) «Мүмкіндігі шектеулі балалармен кіріктірілген (инклюзивті) білім беруді ұйымдастыру бойынша нұсқауды», ҚР БҒМ-нің 2011 жылғы 12 желтоқсанындағы №512 бұйрығымен бекітілген «Мүмкіндігі шектеулі балалармен психологиялық-педагогикалық сүйемеледеу бойынша әдістемелік нұсқауды», Білім беру ұйымдарының тәжірибесіне инклюзивтік педагогика мен енгізу жүйесінің қағидаларын дайындау. Әдістемелік ұсынымдар. –Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015.–336, Ерекше қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беру үдерісіне енгізу үлгілерін дайындау. Әдістемелік ұсыныстар.– Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2015. – 48 с, Психолого-педагогическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе: метод. рекомендации/ Елисеева И.Г., Ерсарина А.К. - Алматы: ННПЦ КП, 2019

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы негізге және басшылыққа ала отырып әзірленген. негізге ала отырып әзірленген.

БАҒДАРЛАМА ТӨЛҚҰЖАТЫ

| | |
|---|---|
| Бағдарламаның атауы | 2022-2023 жылдарға арналған инклюзивті білім беру орталығы жұмысының бағдарламасы |
| Әзірлеу үшін негіз | <p>2007 жылғы 5 ақпанындағы №81 «Мүмкіндігі шектеулі балалармен әлеуметтік және медициналық-педагогикалық коррекциялық сүйемелдеу көрсету бойынша іс-шаралар жоспарын бекіту туралы», ҚР 2009 жылдың 16 наурызындағы (№4-02-4/450) «Мүмкіндігі шектеулі балалармен кіріктірілген (инклюзивті) білім беруді ұйымдастыру бойынша нұсқау», ҚР БҒМ-нің 2011 жылғы 12 желтоқсанындағы №512 бұйрығымен бекітілген «Мүмкіндігі шектеулі балалармен психологиялық-педагогикалық сүйемеледеу бойынша әдістемелік нұсқау», Білім беру ұйымдарының тәжірибесіне инклюзивтік педагогика мен енгізу жүйесінің қағидаларын дайындау. Әдістемелік ұсынымдар. –Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015.–33б, Ерекше қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беру үдерісіне енгізу үлгілерін дайындау. Әдістемелік ұсыныстар.– Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2015. – 48 с</p> <p>Психолого-педагогическое сопровождение детей с особыми образовательными потребностями в общеобразовательной школе: метод. рекомендации/ Елисеева И.Г., Ерсарина А.К. - Алматы: ННПЦ КП, 2019, «Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы негізге және басшылыққа ала отырып әзірленген.</p> |
| Бағдарламаны әзірлеу және жүзеге асыру үшін жауапты құрылым | «Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы |
| Бағдарламаның мақсаты | Ерекше қажеттілігі бар білім алушыларға қолайлы білім беру ортасын құру, оқу-тәрбие үдерісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімделуге жағдай жасау; оларды педагогикалық және әлеуметтік – психологиялық қолдау. |

| | |
|------------------------|---|
| Міндеттері | <ul style="list-style-type: none"> - ерекше қажеттілігі бар студенттердің психикалық процестерін (танымдық, эмоциялық-еріктік), даралық ерекшеліктерін диагностикалау; - ерекше қажеттілігі бар студент-жастарға жеке және топтық кеңестер беру; - ерекше білім қажеттілігі бар студенттермен психокоррекциялық жұмыстар жүргізу; - ерекше қажеттілігі бар студенттермен қарым-қатынас сапасын жетілдіру; - ерекше қажеттілігі бар студенттерге арналған сенім, көз жеткізу және аутотренинг әдістерін жүзеге асыру. |
| Нысаналы индикаторлары | <p>2022-2023 ж.</p> <ul style="list-style-type: none"> - ерекше білім қажеттілігі бар талапкерлерге психологиялық-педагогикалық кеңестер ұсыну; - ерекше білім қажеттілігі бар студенттерді жұмыспен қамту бағытын айқындау; - ерекше білім қажеттілігі бар студенттерге әлеуметтік қолдау көрсету бағытын жүйелеу; - инклюзивті мектепке дейінгі мекемелермен және жалпы және орта кәсіби білім беру мекемелерімен байланыс орнату. |
| Іске асыру мерзімі | 2022-2023 ж. |

Қазіргі ахуалды талдау

Педагогикалық білімді нақты қайта құру көп жағдайда гуманитарлық үдерістер мен Қазақстан қоғамының әлеуметтік-гуманитарлық кезеңдеріне байланысты болып отыр. Жалпыадамдық құндылықтарды қоғам түсінігінде бекіту, ең алдымен дамуына мәселесі бар жастарға деген көзқараспен, оларды әлеуметтендіру, интеграцияда немесе инклюзивтік білім беру сұрақтарын шешумен негізделеді.

Инклюзивтік білім беру – барлық балаларды жалпы білім үдерісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімделуге, жасына, жынысына, шығу тегіне, дініне, экономикалық статусына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға; отбасыларын белсенді қатыстыру, баланың коррекциялық-педагогикалық және әлеуметтік қажеттіліктерін арнайы қолдау, білім алушылардың емес, ортаның олардың жеке ерекшелігіне және білімдік қажеттіліктеріне бейімделуі, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат. Барлық балалар оқытуға жатады және мүгедектіктің әлеуметтік моделін қабылдайды. Бұл оқыту түрі оқу жоспарын және білім беру жүйесінің әдіснамасын икемді болуға, әр баланың қажеттілігін ескеруді айтады.

Инклюзивтік оқытудың базалық құқықтық құжаты ерекше оқытуды қажет ететін білім алушыларға нәтижелі көмек көрсетуде, оларды оқыту, тәрбиелеу, еңбекке және мамандыққа даярлауда «Мүмкіндігі шектеулі балалармен

әлеуметтік және медициналық-педагогикалық коррекциялық сүйемелеу көрсету бойынша іс-шаралар жоспарын бекіту туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балалармен кіріктірілген (инклюзивті) білім беруді ұйымдастыру бойынша нұсқауы», «Мүмкіндігі шектеулі балалармен психологиялық-педагогикалық сүйемелеу бойынша әдістемелік нұсқаулар басшылыққа алынады.

Қазіргі таңдағы ғылыми-теориялық зерттеулерде инклюзивті білім берудің сегіз қағидасы ұсынылуда:

- Адам құндылығы оның қабілеті мен табысына тәуелді болмайды;
- Әрбір адам сезінуге және ойлануға қабілетті;
- Әрбір адам тыңдалу үшін қарым-қатынасқа түсуге құқығы бар;
- Барлық адам бір-біріне мұқтаж;
- Түпнұсқалы білім беру шынайы өзара қарым-қатынас шеңберінде жүзеге асады;
- Барлық адамдар қолдауға және құрдастарымен достыққа зәру;
- Барлық білім алушылар үшін ілгерілеу орындай алмағаннан гөрі, жасай алуда болуы мүмкін;
- Жан-жақтылық адам өмірінің даму аясын кеңейтеді.

Мемлекеттің алдында тұрған басты міндеттердің бірі ең алдымен ғылыми-педагогикалық қауым арасында ақпараттық-ағартушылық жұмыстарды жүргізу болып табылады. Бұл үдеріс бірашама жылдар көлемінде орын алып келеді. Әсіресе, нормативтік-құқықтық база құру, игеретін материалдар мен оқытушы құрамын дайындау, инклюзивті білім беруді енгізу бойынша алыс-жақын шетелдің тәжірибесіне талдау жасау арқылы Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру жұмыстарын жүйелі ұйымдастыру мәселесі шешімін табуда.

Қазіргі таңда инклюзивті білім беруді дамытуды ғылыми-әдістемелік және кадрлық қамтамасыз ету көкейтестілігін жоғалтқан жоқ. Инклюзияға әлеуметтік сұраныс жоғары. Тәжірибенің сұранысы бүгінгі күні «кімді, қалай, қай жерде және неге үйретеді?» сұрақтарын алға тартады.

Бағдарламаның мақсаты, міндеттері, нысаналы индикаторлары, оны

Бағдарламаның мақсаты: Ерекше оқытуды қажет ететін білім алушыларға қолайлы білім беру ортасын құру, оқу-тәрбие үдерісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімделуге жағдай жасау; олардың педагогикалық-психологиялық және әлеуметтік қажеттіліктерін арнайы қолдау

Міндеттері:

- ерекше қажеттілігі бар білім алушылардың психикалық процестерін (танымдық, эмоциялық-еріктік), даралық ерекшеліктерін диагностикалау;
- ерекше қажеттілігі бар студент-жастарға жеке және топтық кеңестер беру;
- ерекше білім қажеттілігі бар білім алушылармен психокоррекциялық жұмыстар жүргізу;
- ерекше қажеттілігі бар білім алушылармен қарым-қатынас сапасын жетілдіру.
-

Нысаналы индикаторлары

- ерекше оқытуды қажет ететін білім алушылар контингентінің мониторингісін жасау;
- болашақ мамандарды инклюзивті білім беруге дайындау жұмыстарын жүргізу.
- ерекше оқытуды қажет ететін талапкерлерге психологиялық-педагогикалық кеңестер ұсыну;
- ерекше оқытуды қажет ететін білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету бағытын жүйелеу;
- инклюзивті мектепке дейінгі мекемелермен және жалпы және орта кәсіби білім беру мекемелерімен байланыс орнату.

Бағдарламаның негізгі бағыттары, алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу жолдары және тиісті шаралар

«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы педагогикалық-психологиялық білім беру және оқыту әдістемесі кафедрасының жанынан құрылған инклюзивті білім беру орталығының психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу бағдарламасының бағыттары:

Психодиагностика:

- компьютерлік психодиагностикалау;
- проективті техникалар;
- жетістікке жету тестілері;
- тұлғалық сауалнамалар;
- танымдық және еріктік процестерді зерттеу тестілері;
- тұлға ресурстарын, даму бағытын, мотивациясын және базалық мәндік бағдарларын айқындау негізінде психологиялық бейнесін құрастыру.

Психологиялық түзетім (коррекция):

- коррекциялық білімдік;
- коррекциялық-дамытушылық;
- коррекциялық-тәрбиелік;
- әлеуметтік бейімделе алмаудың алдын алу және психологиялық коррекциялау.

Психологиялық кеңес беру:

- ерекше оқытуды қажет ететін білім алушылардың «Мен» бейнесін қалыптастыру: өзін қабылдау. Тұлғаның өзін-өзі бағалауын қалыптастыру, тұлға имиджін қалыптастыру;
- ерекше оқытуды қажет ететін білім алушылардың тұлғалық өсуі, негізгі психологиялық қабілеттерді және қарым-қатынас дағдысын дамыту, тұлғаның өзгеруге деген мотивациясын қалыптастыру.
- ерекше оқытуды қажет ететін білім алушылардың шешім қабылдауға көмектесу;
- ерекше оқытуды қажет ететін білім алушылардың тұлғааралық қарым-қатынасты құру;
- ерекше қажеттілігі бар студент-жастарды кәсіби жетілуге ынталандыру

Психологиялық алдын алу жұмыстары:

- ерекше оқытуды қажет ететін білім алушылардың эмоциялық жағдайын реттеу;
- ерекше оқытуды қажет ететін білім алушылардың тұлғалық және жас ерекшелік дағдарыстарының алдын алу.

Дамыту тренингтері мен бағдарламалары:

- ерекше қажеттілігі бар студент-жастардың рухани құндылықтарын дамыту тренингтері мен бағдарламалары;
- ерекше қажеттілігі бар студент-жастардың қарым-қатынас құзіреттілігін дамыту тренингтері мен бағдарламалары;

Бағдарламаны іске асыру кезеңдері

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті педагогикалық-психологиялық білім беру және оқыту әдістемесі кафедрасының инклюзивті білім беру орталығының 2022-2023 жылдарға арналған бағдарламасы 2022-2023 жылдар аралығында жүзеге асырылады